BULANDY AQPARAT
БҰЛАНДЫ АУДАНЫ
№ 18 (468)
02.05.2025
Аудандық қоғамдық-саяси газет
Районная общественно-политическая газета

# Аудан әкімі А. Смайыловтың Отан қорғаушылар күнімен мерекелік құттықтауы

Қадірлі жерлестер! Сіздерді мемлекеттік мереке - Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Біз бұл күні Қарулы күштер қатарында қажырлы қызмет еткендер мен сапта жүргендерге құрмет көрсетеміз. Мемлекеттің, қоғамның және әрбір қазақстандықтың қауіпсіздігін қорғаушылар мен өз еліне шексіз берілгендер де сондай іltипатқа ие.

Ел халқына шат-шадыман күлкі мен тыныш өмір сыйлауда әскеріміздің атқарып жатқан қызметтері ұшан-теңіз. Армиямыздың айбынын асқақтататын сардарлар мен сарбаздарымызға қандай құрмет көрсетсек те жарасады.

Уақыт алмасады, ұрпақтар өзгереді, бірақ Отанға сүйіспеншілік, қажырлылық, ерлік, жауынгерлік рухымыз өзгеріссіз қалады. Бұландылықтар да өз Отанымыздың қорғаныстық қабілетін нығайтуға, Қазақстан халқының игілігі мен бейбітшілікті қорғауға лайықты үлесін қосуда.

Қымбатты жерлестер!

Бүгінгі ерекше күні сіздерге шын жүректен бақыт пен татулық, әрбір отбасына ізгіліктер мен игіліктер тілеймін. Ардагерлеріміздің дені сау болып, солдаттар мен офицерлеріміз табысты қызмет ете берсін. Ержүрек және жігерлі адамдардың бұл мерекесі әрдайым қуаныш пен бейбіт күн әкеле берсін!

# Дорогие защитники Отечества!

От всей души поздравляю вас с Днём защитника Отечества – праздником мужества, чести и отваги!

Этот день символизирует гордость за героическое прошлое, уважение к настоящему и уверенность в будущем нашей страны.

Выражаем глубокую благодарность всем, кто служил и продолжает служить на благо Родины.

Пусть ваша доблесть, преданность и любовь к Отчизне всегда будут примером для подрастающего поколения.

Желаю крепкого здоровья, мирного неба, благополучия, стойкости и уверенности в завтрашнем дне!

С праздником!

**С уважением, председатель районного маслихата Н. СЕКСЕНОВ.**

# Құрметті бұландылықтар!

Сіздерді даңқ пен ерліктің мерекесі - Отан қорғаушы күнімен құттықтаймыз!

Отанды қорғау - әрбір азаматтың қасиетті парызы! Бұл мерекеде біз Тәуелсіз мемлекетіміздің тыныштығы мен бірлігін қолына қару алып қорғап жүргендерді шын жүректен құттықтаймыз. Сіздердің батылдықтарыңыз бен ерліктеріңіз үшін, отансүйгіштіктеріңіз бен туған жерге деген сүйіспеншіліктеріңіз үшін айтар алғысымыз шексіз!

Баршаңызға зор денсаулық, қажымас қайрат, сарқылмас күш-жігер тілейміз! Отбасыларыңызға бақ-береке, толағай табыс тілейміз! Тәуелсіз Қазақстанның бейбіт аспанын бұлт шалмасын. Біз сіздермен мақтанамыз, қымбатты Отан қорғаушылар!

Мереке құтты болсын!

**Аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Б. ТҰРТАНОВА және Ардагерлер алқасы.**

# Алдымызда ауқымды міндет көп

Аудан әкімі Ардақ Смайыловтың төрағалық етуімен аудандық әкімдікте аппараттық кеңес отырысы өтіп, оның жұмысына облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттары, құқық қорғау органдары, аудан әкімінің орынбасарлары, ауылдық округтер мен Макинск қаласының әкімдері, дербес бөлімдер және мекемелер мен ұйымдардың басшылары қатысты.

Күн тәртібіндегі сұрақтарды





қарастырмас бұрын, аудан басшысы аудандағы кадрлық өзгерістер жайлы хабардар етті. Аудан әкімінің орынбасары лауазымына Самат Жүсіпов тағайындалды. Самат Мұхамедияұлы 1986 жылы дүниеге келген, білімі жоғары, 2007 жылы Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін «Есеп және аудит бакалавры» мамандығы бойынша тәмамдаған. Самат Мұхамедияұлының мемлекеттік салада біраз жыл еңбек өтілі бар, бұған дейін ол дербес бөлім басшысы, аудан әкімі аппаратының басшысы қызметін атқарған.

Бұланды ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік қызметтерді талдау және ақпараттық технологиялар бөлімінің басшысы болып Аида Кәрімова тағайындалды. Аида Маратқызы 1996 жылы дүниеге келген, білімі жоғары, 2019 жылы «Тұран-Астана» университетін «Юриспруденция» мамандығы бойынша аяқтаған.

Кеңес отырысындағы алғашқы болып қаралған мәселелердің бірі - Бұланды ауданының аумағына келген шетел азаматтарының және өзге де мүдделі тұлғалардың кіру/шығу арнасын бақылау. Тақырып төңірегінде аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Сабыржан Нұржанов баяндама жасады. Тәртіп сақшысы аталмыш бағытта заң аясында қандай жұмыс жасалып жатқаны жайында толық ақпарат берді.

Орман және дала өрттерінің алдын алу және жоюға дайын болу туралы сұрақ қазіргі таңда ең өзекті болып табылатыны сөзсіз. Көктемгі су тасқыны өтіп, жер-аяғы кеңейіп, құрғайтын кезде өрт қауіпі арта түседі. Төтенше жағдайға ауданымыз дайын ба, алдын-алу шаралары қандай деңгейде өткізіліп жатыр, халық арасында үгіт-насихат қарқыны қандай? Атқарылып жатқан жұмыс жайында Бұланды ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің уақытша бастығының міндетін атқарушы Самат Бапишев мәлімдеді.

Кезектегі маңызды мәселелердің бірі - ауданымызда 2025 жылы ауыл шаруашылық санағын өткізуге дайындық мәселесі. Күрделі кампанияның барысы жайында Бұланды ауданының статистика басқармасының басшысы Гүлнәр Молдаспаева толық ақпарат ұсынды. Ауыл шаруашылығы санағы: 2025 жылғы 1 тамыздан 31 тамызға дейін 30 күн ішінде арнайы веб-порталда өзін-өзі толтыру әдісімен; сауалнаманы толтырмағандардың тізімін жасау үшін 20 күн ішінде одан әрі өңдеу арқылы өтіп, 2025 жылғы 20 қыркүйектен 20 қазан 30 күн аралығында, санақ қызметкерлерін тарта отырып, жеке әңгімелесу әдісімен және планшеттерді қолданумен жүргізіледі.

Аппараттық кеңестің соңында Бұланды ауданында құқықбұзушылықтың алдын алу туралы мәселесі қаралып, ол бойынша аудан прокурорының орынбасары Серік Қаратаев сөз сөйледі.

Аудан басшысы кеңестің күн тәртібінде қаралған барлық сұрақтар бойынша мекеме басшыларына тиісті тапсырмалар беріп, міндеттер жүктеді.

**А. АМАНЖОЛОВА.**

# Көрікті мекен, таза орта – өз қолымызда!

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен еліміздің барлық өңірлерінде «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы жүзеге асып келеді. Республикалық акция бүгінгі уақытта жалпыхалықтық эко-челленджге айналды десек де болады. Бүгінде бұл шараға ерікті жастар ғана емес, түрлі мекеме қызметкерлері мен қоғам өкілдері де атсалысуда. Басты мақсат – қоршаған ортаны сақтап, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, патриотизм құндылықтарын дәріптеу, сондай-ақ қоршаған ортаға ұқыпты қарау.

Сондай-ақ, Президент атап өткендей, бұл уақытша акция емес, халық арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселесін жүзеге асыратын нәтижелі қозғалыс болуы тиіс.





Өткен сенбі күні ауданымызда «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында сенбілік ұйымдастырылды. Іс-шараға Ақмола облысы әкімінің орынбасары Алтынай Әміренова, Ақмола облыстық мәслихатының депутаты Анар Аяпбергенова, аудан басшылығы, аудандық мәслихат, депутаттық корпус, «AMANAT» партиясының аудандық филиалы және партия мүшелері, мекеме, кәсіпорын қызметкерлері мен аудан тұрғындары, ерікті жастар белсене қатысты. Бұл күні тек тазарту жұмыстарын өткізу ғана емес, сонымен қатар қаланы жасылдандыру мақсатында ағаш отырғу жұмыстары өз мәресіне жетті. Жеңіс алаңы мен қала көшелерінде 30 пирамидалық терек, 40 қарағай ағашы, 40 жабайы алма көшеті және 160 жидек бұталары отырғызылды. Сенбілікке жергілікті орман шаруашығы қызметкерлерінің де қатысқанын атап өткен жөн, себебі олар кәсіби тұрғыда өз көмегін көрсетті.

«Таза Қазақстан» - бір күндік жұмыс емес - бұл елге, табиғатқа, келер ұрпаққа деген жауапкершіліктің көрінісі. “Таза Қазақстан” – әр азаматтың ортақ міндеті мен үлесі. Көрікті мекен, таза орта - өз қолымызда!

**А. АМАНЖОЛОВА.**
**Фото: А. Қалиева.**

# АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ – НОВОСТИ НЕДЕЛИ

## Красивый район, чистая окружающая среда – в наших руках!



По инициативе Главы государства Касым-Жомарта Токаева во всех регионах страны реализуется экологическая программа «Таза Қазақстан». И это не просто субботники и очистка территорий, это, прежде всего, общенациональное экологическое движение и, как отмечает Президент, не временная акция, а продуктивное движение, которое будет реализовывать задачу формирования экологической культуры у населения. В акции «Таза Қазақстан» принимают участие не только молодежь и волонтеры, но и работники различных учреждений, представители общественности.

Основная цель - сохранение окружающей среды, формирование экологической культуры, пропаганда ценностей патриотизма и бережного отношения к окружающей среде.

В минувшую субботу в районе прошла массовая экологическая акция, в которой активное участие приняли заместитель акима Акмолинской области Алтынай Амренова, депутат Акмолинского областного маслихата Анар Аяпбергенова, руководство района, районный маслихат, депутатский корпус, районный филиал «AMANAT» и члены партии, работники учреждений, предприятий, общественность, молодежь.

В этот день не только очищали территории от мусора, но и провели посадку деревьев для озеленения города. В Сквере Победы и улицах города высажено 30 пирамидальных тополей, 40 сосен, 40 саженцев дикой яблони и 160 ягодных кустарников. Стоит отметить, что в мероприятии также приняли участие работники местного лесного хозяйства, которые оказали профессиональную помощь в посадке деревьев.

«Таза Қазақстан» - это не работа одного дня, это проявление ответственности перед страной, природой и будущими поколениями. Это общий долг и вклад каждого гражданина. Красивый район, чистая окружающая среда - в наших руках!

**А. АМАНЖОЛОВА.**

## Мәні мен маңызы терең кездесу



Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министірлігінің Діни істер жөніндегі комитетінің ұйымдастыруымен Қостанай облысы, ҚР ІІМ Қостанай академиясының ҚАЖ мамандарын дайындау орталығының жетекшісі Мырзабек Сардарбекұлы Туйганов ауданымызға арнайы келіп қазіргі таңда белең алып бара жатқан теріс діни ағымдар, отбасы құндылықтары тақырыптарында кездесулер өткізді. Кездесу алдымен «Террористік, діни экстремистік және деструктивтік іс-әрекеттерге көзделген құқықтық жауапкершілік» тақырыбында Балалар және жасөспірімдер спорт мектебінде өтті. Ал, Қараөзек ауылының жалпы білім беретін мектебінде өткен кездесу «Қоғамдағы дәстүрлі отбасылық құндылықтарды дамыту» тақырыбын қамтыды.Сондай-ақ,МырзабекСардарбекұлы қаламыздағы №1 жалпы білім беретін мектебінде «Деструктивтік діни ағымдардың таралуын алдын алу» тақырыбында кездесу өткізіп, кейін коворкинг-орталығында «Теріс идеологияға қарсы сыни-ойлау дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында аудан жастарымен кездесті.

Өзекті тақырыптар төңірегінде өткен келелі кездесудің жастарға берер пайдасы мол. Санасы пәк, ойы таза жастардың жат ағымдардың құрбаны болып жатқаны жасырын емес. Осы орайда кеңінен ақпарат берер, ақ пен қараны айыруға мүмкіндік берер мұндай кездесулердің мәні зор.

**А. АМАНЖОЛОВА.**



## Дала батырларынан – Отан қорғаушыларға дейін

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80-жылдығын және Отан қорғаушылар күнін мерекелеу қарсаңында аудандық мәдениет үйінде «Дала батырларынан – Отан қорғаушыларға дейін» атты аудандық көркемөнерпаздар байқауы өз мәресіне жетті.

Әуесқой әртістер қазылар алқасы мен көрермендер назарына әскери-патриоттық тақырыптарға арналған хореографиялық және вокалдық жанрлардың үздік нөмірлерін ұсынды.

Өнер мерекесінің ұйытқысы әрі басты ұйымдастырушысы аудандық білім бөлімінің негізгі мақсаты: тарихи мұраны сақтау және өскелең ұрпақтың бойына өз елі үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру, адамгершілікке тәрбиелеу, тарихи өткенге, Отанымыздың әскери тарихына қызығушылықты дамыту, соғыс жылдарындағы әндерді насихаттау.

Ауданның басты сахнасы бұл күні ерекше патриоттық атмосфераға бөленді. Әрбір нөмір соғыс уақытының рухымен толып, сол сұрапыл соғыста қар жамылып, мұз жастана жеңіске қол жеткізген жауынгерлердің ерлігіне деген мақтаныш сезімді нығайтты.

Шығармашылық байқаудың қорытындысы бойынша Гран-при иегері Макинск мектеп-гимназиясы, 1-орынды - Макинск балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы, 2-орынды - Макинск балалар музыка мектебі, 3-орынды – Макинск қаласының Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейі иеленді.

Аудандық байқаудың барлық қатысушыларына жүрекжарды әндері мен жалынды билері, жарқын нөмірлері, шығармашылық серпіні мен шабыттары үшін алғыс айтамыз! Әрбір қойылым – өскелең ұрпақ пен шығармашыл ұстаздардың Ұлы Жеңіс мерейтойын лайықты атап өтуге қосқан үлесі.















## От степных батыров – к защитникам Отечества

В преддверии празднования восьмидесятилетия Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 годов и Дню защитника Отечества в районном Доме культуры состоялся районный смотр художественной самодеятельности «Дала батырларынан – Отан қорғаушыларға дейін» - «От степных батыров – к защитникам Отечества») среди городских организаций образования.

В концертном зале главного очага культуры в этот день был настоящий аншлаг: поддержать творческие коллективы пришли учащаяся молодежь в сопровождении педагогов. Самодеятельные артисты представили на суд жюри и зрителей лучшие номера хореографического, вокального жанров, посвященные военно-патриотической тематике.

Инициатором и главным организатором художественного праздника выступил районный отдел образования и основной целью мероприятия стало сохранение исторической памяти и формирование у подрастающего поколения чувства гордости за свою страну, воспитание человечности, развитие интереса к историческому прошлому, военной истории Отечества, пропаганда песен военных лет.

Главная сцена района в этот день «примерила» особый патриотичный наряд, каждый номер был пронизан духом военного времени, чувством гордости за героизм солдат, изо дня в день ковавших Победу в той страшной войне. Не секрет, что песни о войне максимально эмоциональны, их невозможно слушать без слез, ведь война унесла жизни и разбила судьбы миллионов, она была самым масштабным и самым трагичным событием прошлого века.

Колоссально приятно было наблюдать как дети через концертные композиции рассказали о событиях военных лет, прочувствовали значимость подвига народа, передав свои эмоции и переживания благодарному зрителю. Каждый номер сопровождался бурными овациями зала.

По итогам творческого состязания обладателем Гран-при стала школа-гимназия г. Макинска, 1 место присуждено Макинскому Центру детского юношеского творчества, 2 место – Макинской Детской музыкальной школе, 3 место – школе-лицею им. Балуана Шолака г. Макинска.

Смотр художественной самодеятельности - это уникальная возможность показать талантам творческие способности, проявить себя с новой стороны. Благодарим всех участников районного смотра за душевные песни и зажигательные танцы, за яркие номера, творческий порыв и вдохновение! Каждое выступление- это вклад подрастающего поколения буландынцев и увлечённых профессией педагогов в достойное празднование юбилея Великой Победы.

**А. АМАНЖОЛОВА.**

# ПОКЛОНИМСЯ ВЕЛИКИМ ТЕМ ГОДАМ...

## Пока жива моя память!



*Отгремели давно залпы наших орудий,*
*А в воронке от бомбы трава-мурава,*
*Но войну не забыли суровые люди,*
*И смеются сквозь слезы,*
*Ведь память жива!*

**Зинаида Чеботарева.**

Вот уже 80 лет, как закончилась Великая Отечественная война. В каждом в городе, селе проходит акция «Бессмертный полк», имена фронтовиков заносятся в Книгу Памяти. Я тоже решила исполнить свой долг перед светлой памятью своего отца, деда и родного дяди. Прискорбно осознать о том, что я не так много знаю о том, как воевали мой дед, отец, дядя, как мерзли они в окопах и терпели голод. Отец не любил об этом рассказывать, хотя его приглашали в школы, и он выступал перед детьми. И я, его родная дочь, знаю только обрывки, и те с годами позабылись.

Хочу рассказать об отце и его семье. В одном казахском селе Кыстау-Карагай, Макинского района Акмолинской области жила простая семья: глава семьи - Мухаметжан Тайкенов (мой дедушка), хозяйка - Кунганым (моя бабушка) и пятеро их сыновей (мой отец и мои дяди). Старшим сыном был мой папа, звали его Газиз. Вторым был Казбек, третьим - Кенес, четвертый - Назымбек и младший - Балабек.

Когда началась война, то первым на фронт из семьи ушел мой дедушка Мухаметжан Тайкенов. Начал войну в 1941 году во Волховском фронте (Ленинградский фронт), затем был Калининский фронт. Погиб дедушка 4 июля 1942 года, захоронен в братской могиле в деревне Тархово Оленинского района Тверской области.

За дедушкой ушел на войну мой отец. В декабре 1941 года папа был призван в ряды Советской Армии в 106 Кавалерийскую дивизию командиром отделения артиллерийского полка. Ушел верхом на лошадях от Акмолы до Карталы Челябинской области. Начал войну на Украине в Харьковской области. Участвовал в битве под Сталинградом в 62 армии, командующим был генерал Чуйков. Затем был Белорусский фронт, Польша, закончил войну старшиной в Германии в 1945 году. 18 апреля 1945 года мой папа был тяжело ранен, получил осколочное ранение в череп.

Вслед за моим отцом в конце 1942 года добровольцем на фронт ушел мой дядя Казбек. Он воевал в первом Белорусском фронте, в отдельном штурмовом батальоне Кавалера Ордена Славы. Участвовал в освобождении Белоруссии и Польши. Погиб 3 января 1945 года в Польше: Люблинская губерния, Яновецкое воеводство, деревня Людимя, захоронен в братской могиле.



В 2024 году, в мае месяце, четверо моих братьев посетили братскую могилу в Тверской области, где захоронен мой дедушка Мухаметжан. Жители деревни Тархово с теплотой и радушно встретили гостей из Казахстана, где были возложены венки и цветы погибшим нашим солдатам, совместно были исполнены песни военных лет. В будущих семейных планах планируем посетить братскую могилу дяди Казбека в Польше.

Мой папа ушел из жизни в далеком 1999 году. Но все мы - дети, внуки и правнуки гордились и будем гордиться нашим отцом, дедушкой и дядей. Вечная память и слава всем нашим героям, отдавшие свою жизнь за наше светлое будущее!

**С. МУХАМЕДЖАНОВА, с. Караозек.**



***Василий Павлович Романико 1926-2012, ветеран Великой Отечественной войны***

### *О том же*

Пытался поставить
последнюю точку
В раздумьях моих о войне.
Да вижу во сне почти
каждую ночку
Погибших людей в том огне.

Память живущая сердце тревожит
Боями минувшей войны,
Забыть фронтовые дороги не может,
Горечью думы полны...

Она обостряется в горькие даты,
Победные праздничные дни.
Ее будоражат по фильмам солдаты,
Их боевые огни.

Она переносит меня через годы,
В события тех огненных лет.
Я снова форсирую мутные воды
Взрывами вздыбленных рек.

Встают перед взором плывущие пушки,
С обслугой на шатких плотах.
Следом тянущийся провод с катушки,
Скрывается в пенных волнах.

С нашего берега бьет артиллерия
По вражеским точкам огня,
С пушками рядом плывет кавалерия
В зарницах грядущего дня.

С думой о Родине, с именем Сталина
Воины шли погибать.
С Киева, Вильнюса, Минска и Таллина
Шла ополченская рать.

И поднялась вся держава огромная,
Двинув полки в смертный бой.
Кровью покрылась дороженька бранная
В битвах с фашистской ордой!

Память о павших, от сердца идущая,
С нами, и вечно жива!
Слезу утирает до старости ждущая
Мать, и сестра, и жена!

## Мы помним, мы гордимся

Осталось совсем немного дней до празднования знаменательной даты - 80летия со дня окончания Великой Отечественной войны.

В истории навечно запечатлено множество памятных дат и за каждой из них стоит подвиг советского народа, не раз поднимавшегося против свободы и независимости родной земли. Но самым дорогим и священным для всех поколений был и есть праздник 9 мая!

С учениками 3 класса и классным руководителем Н. В. Антошкиной провели час памяти «Мы помним, мы гордимся». В каждой семье есть свои герои и те, кто воевал на фронтах, героически защищая нашу Родину. Нашим ученикам рассказали о мужестве, стойкости наших земляков. Вспомнили наших родных и близких, в каждой семье есть те, кто сражался за наше мирное небо. Благодаря мужеству отважных героев приблизилась Победа над врагом, ведь война принесла на нашу землю скорбь, и бедствия. Но нам, их потомкам, нельзя забывать имена тех, кто отдал жизнь, свое здоровье, молодость за то, чтобы мы сейчас могли свободно жить под мирным небом в своей стране, ведь человек жив до тех пор, пока о нем помнят.

**Ш. АСКАРОВА, библиотекарь Партизанской сельской библиотеки.**



## Ақмола облысы ауыл шаруашылығы санағына дайындалып жатыр

2025 жылы Қазақстан ауқымды статистикалық науқанға – ұлттық ауыл шаруашылығы санағына дайындалып жатыр. Бұл маңызды шара алдағы жылдары аграрлық саланың қалай дамитынына тікелей әсер етпек. Әсіресе, ел халқының жартысынан астамы ауыл шаруашылығымен айналысатын Ақмола облысы үшін бұл санақтың маңызы ерекше.

Санақтың басты мақсаты – елдің ауылдық аймақтарында нақты не болып жатқанын шынайы әрі толық көрсету. Атап айтқанда ауылда кім қандай шаруамен айналысады, кімнің қанша жері, техникасы, малы бар, қандай мәселелері бар және мемлекеттік қолдауды кімге қалай бағыттау қажет екенін анықтау мақсатында.

Бірінші кезең 2025 жылдың маусым айында басталады. Бұл кезде интервьюерлер алдын ала дайындық жүргізіп, ауыл тұрғындарымен жұмысқа кіріседі. Негізгі кезең – 20 қыркүйек пен 20 қазан аралығында өтеді. Бұл кезеңде ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарынан бастап, шағын шаруашылықтарға дейін түгел қамтылады.

Азаматтарға деректерді тапсырудың екі жолы ұсынылады: sanaq.gov.kz порталында онлайн түрде немесе интервьюер арқылы.

Бүгінде өңірде жұмыс топтары құрылып, қызметкерлерге оқыту жұмыстары жүргізілуде. Пилоттық сауалнамалар санақ жүйесінің кең ауқымды жұмысқа дайын екенін көрсетті. Ұйымдастырушылар атап өткендей, барлық дерек құпия сақталады, ал санаққа қатысу – әр азаматтың ауыл болашағына қосқан үлесі.

Ақмола облысының аудандарында санақшылар жұмысын қамтамасыз ету, техникалық жабдықтау, көлікпен қамту, нақты мекенжайларды анықтау, сауалнама жүргізуге қолайлы орындарды белгілеу сияқты жұмыстар атқарылып жатыр.



Бұл сөздер тек ұран ғана емес – өмір шындығы. Аграрлық сала – еліміздің экономикасы мен азық-түлік қауіпсіздігінің негізі. Сондықтан бұл саланың артында нақты адамдар, еңбеккерлер, отбасылар тұр. Солардың үні естіліп, еңбегі бағалануы үшін дәл осындай санақ маңызды.

Қазір ауыл тұрғындары бұл бастаманы бұрынғыдай формалдылық емес, өз өмірін, мәселесін, еңбегін көрсетуге мүмкіндік ретінде қабылдай бастады. Ал бұл – ауылдың шынайы келбетін айқындауға жасалған үлкен қадам.

**Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы.**

## Аграрный портрет региона: Акмолинская область готовится к сельскохозяйственной переписи

В этом году Казахстан готовится к большому статистическому марафону — национальной сельскохозяйственной переписи. Это мероприятие может сильно повлиять на то, как будет развиваться аграрная отрасль в ближайшие годы.

Особенно в таких регионах, как Акмолинская область, где каждый второй житель так или иначе связан с сельским хозяйством.

Главная задача переписи — собрать полную и правдивую картину: кто и чем занимается на селе, сколько у кого земли, техники, скота, какие есть проблемы и что вообще происходит за пределами городов.

Сама перепись пройдет в два этапа. Первый стартует уже летом, в июне, когда интервьюеры начнут работу. Основной этап намечен на осень — с 20 сентября по 20 октября, и охватит всё: от крупных сельхозпредприятий до индивидуальных хозяйств. Причем гражданам предоставят выбор: заполнить анкету онлайн на портале sanaq.gov.kz или принять интервьюера лично.

В Акмолинской области уже сформированы рабочие группы, проходят обучения, пилотные опросы показали готовность системы к большому охвату. Статистики подчёркивают: все данные будут использоваться строго конфиденциально, а участие в переписи — это вклад в общее дело. Ведь чем полнее и точнее будет собрана информация, тем эффективнее государство сможет выстраивать меры поддержки фермеров, крестьянских хозяйств и всех, кто работает на земле.

Сегодня стоит задача обеспечить условия для работы переписчиков, наладить техническое оснащение, организовать транспорт. Уже сейчас в районах активно решают эти задачи. Команды формируются, уточняются адресные данные, выбираются помещения. И самое главное — растёт понимание, зачем всё это нужно. Всё больше людей воспринимают перепись не как формальность, а как шанс быть услышанными, показать, чем живёт сегодня казахстанское село.

Символично и то, что девиз переписи звучит просто и понятно: «Сельское хозяйство – богатство страны». И это не пустые слова. Аграрии — основа экономики и продовольственной безопасности, и важно, чтобы за цифрами стояли реальные люди.

**Управление внутренней политики Акмолинской области.**

# РЕДАКЦИЯНЫҢ ХАТ ҚОРЖЫНЫ – ПИСЬМА В РЕДАКЦИЮ

Знай наших !!!

## ПЕДАГОГ, РАБОТАЮЩИЙ НА ЛУЧШИЙ РЕЗУЛЬТАТ

Талантливый педагог мотивирует детей на достижения, проявляет огромное трудолюбие, совершенствуя навыки и знания детей, зачастую, не считаясь с личным временем. Педагог, преданный своему делу, не останавливается на достигнутом, он всегда находится в творческом поиске, развивается и постоянно повышает свой профессиональный уровень. Именно таким является учитель информатики Общеобразовательной школы № 2 села Никольское и по совместительству учитель информатики школы-гимназии г. Макинска Артём Цимбал. Это специалист, обладающий не только сильными знаниями и профессиональными навыками, но и человек, который всегда работает на результат. Поставил цель – выполнил. И обязательное условие роста и развития – работа над ошибками, совершенствование опыта, изучение новых материалов, шаг в ногу со временем. На страницах районной газеты мы неоднократно публиковали материалы о достижениях Артема Сергеевича и его учениках. И вот на днях снова услышали благую весть: ученица школы-гимназии г. Макинска Анна Петровская и ученики Общеобразовательной школы № 2 села Никольское Асанали Ашимов, под руководством Артёма Цимбал, приняли участие в международном конкурсе «Мы - интеллектуалы XXI века», который проходил в г. Бишкек (Кыргызстан). Конкурс является ежегодным и собирает талантливых учащихся из более десятка стран. Оба конкурсанта были награждены дипломами III степени. Асанали Ашимов выступал в категории «Стендовые модели» с проектом «Стендовая модель трактора К-700А». Анна Петровская выступала в категории «Робототехника и автоматизированные систем» с проектом «Робот манипулятор для стоматологических работ».




Стоит сказать о том, что Артём Сергеевич уже несколько лет подряд готовит участников данного конкурса и каждый раз ребята привозят заслуженные дипломы и медали. Поздравляя ребят и их руководителя с высоким достижением, хотелось бы добавить уместные слова благодарности в адрес людей, которые поддержали талантливых ребят и педагога. Так, постоянным спонсором выездов детей для участия в конкурсах является руководитель ТОО «Никольское» Казахстан Хележович Джанадилов, за что ему земляки выражают особые слова благодарности и уважения. Отрадно, что к благородному делу меценатства юных дарований подключаются и представители бизнес-сообщества села: предприниматели села Никольское Амангельды Акаевич Мукушев, Рашид Тлекович Шахатов, Уалихан Ельтаевич Байжанов. От лица жителей села, школы и родителей хотелось бы пожелать спонсорам процветания в бизнесе и благополучия.



Вопрос подготовки детей к подобным поездкам всегда ложится на плечи родителей и педагога, это стоит признать. К сожалению, бюджетной поддержки для одаренных детей не предусмотрено, но хотелось бы, чтобы этот пробел в будущем был восполнен, ведь очень много талантливых детей попросту не могут принять участие в престижных конкурсах, чаще всего, проводимые в других странах, из-за отсутствия финансовых средств. Ведь найти спонсоров тоже дело непростое. Поэтому было бы замечательно, если бы государство обратило внимание на детей из периферии, выделялись деньги для участия в конкурсах, что дало бы возможность проявлять свои способности и занимать призовые места еще большему количеству участников.

Пусть достижения талантливых учеников под руководством целеустремленных педагогов будут высокими, выступления достойными, победы яркими! Пусть имя Буландынского района звучит на международных площадках!

**А. АМАНЖОЛОВА.**

## Техническое творчество и изобретательство – со школьной скамьи

Буландынские школьники – ученики Общеобразовательной школы № 1 г. Макинска - под руководством педагога – учителя информатики Бекжана Бастык – успешно выступили на областном этапе Республиканских соревнований технического творчества и изобретательства (авиа, ракета, авто и судомоделирование), которые организовал Центр по выявлению и поддержке одаренных детей и талантливой молодежи «Ақмола дарыны» Управления образования Акмолинской области.

Соревнования проводились с целью развития технического творчества детей в Акмолинской области, создания условий для формирования конкурентных преимуществ личности, творческой компетентности, профессионального самоопределения обучающихся.

Мероприятие для талантливой молодежи, где они получили возможность







обменяться полезным опытом по техническому творчеству и приобрести новые навыки, состоялся в детском оздоровительном лагере «Жас даурен» села Сандыктау Сандыктауского района.

Буландынцы приняли участие в нескольких направлениях соревнований, продемонстрировав хорошую подготовку и навыки. По классу «Радиоуправляемые автомодели» - Фигурное вождение радиоуправляемая машина РЦБ 3 место занял Волошенюк Сергей. Гонка багги 4wd в масштабе 1:10 - 3 место занял Бобровский Дмитрий. Авиамодельный класс - Модель F-3P (пенолет) 3 место занял Лупиков Павел.

Поздравляем ребят и педагога с достижениями!

**А. АМАНЖОЛОВА.**

## Құрметті жерлестер!

Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі күні – 1 мамыр мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – бейбіт өмір мен ұлттар арасындағы достықтың, ел ішіндегі ынтымақ пен өзара түсіністіктің мерекесі. Тәуелсіз Қазақстанның басты құндылықтарының бірі – көпұлтты халқымыздың бірлігі мен татулығы. Осындай берік бірліктің арқасында еліміз тұрақты дамып, әлем елдері алдында беделіміз артып, бойымыздағы асыл қасиеттер арқылы кез келген қиындықты еңсеріп, жарқын болашаққа қадам басып келеміз.

Бүгінде елімізде жүзден астам ұлт пен ұлыс өкілдері бір шаңырақ астында татутәтті өмір сүріп жатыр. Сонау жылдардан бері қалыптасқан достық пен келісімнің үлгісі – көпке өнеге. Бұл – халқымыздың кең пейілі мен жоғары мәдениетінің айқын көрінісі.

Осы айтулы мерекеде баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, ырыс пен береке тілеймін! Бірлігіміз бекем болып, көкте бейбітшілік шуағы нұр шашып, еліміз гүлдене берсін!

**Н. ТІЛЕУБАЕВ, Ақмола облысы Дін істері басқармасының «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы» КММ басшысы.**





## Кітап – сарқылмас рухани қазына

Кітап - адам баласы ақыл-ойынан туған рухани байлықты сақтап, оны ұрпақтан- ұрпаққа жеткізіп отыратын құрал, білім мен тәрбие көзі. Жастардың білім жолын ашып, олардың заман талабына сай білімді ұрпақ етіп тәрбиелеу. Солардың бірі Модельдік балалар кітапханасында Ұлттық кітап күніне арналған «Кітап - сарқылмас рухани қазына» атты танымдық экскурсия өткізілді. Іс-шара барысында оқушыларды түрлі тақырыптағы кітап көрмелерімен, әр түрлі 3 «Д» форматта кітаптар көрсетіліп кітапхананың кітап қорымен, көптеген қызықты мәліметтермен таныстырды. Мақсат - оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын ояту.

**Ш. БАХЫТХАН, Модельдік балалар кітапханасының маманы.**

## Ұлттар достығы

1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні. «Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін бұл мейрамның орны ерекше. Жыл сайын аталып мерекеде Қазақстан аумағында тұрып жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері киелі қара шаңырақта тату-тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатқандығын тойлайды.



Осыған орай Модельдік балалар кітапханасында Бірлік күніне арналған «Ұлттар достығы» атты әдеби сағат өткізілді. Макинск қаласының № 2 орта мектебінің 5 және 6 сынып оқушылары – әр түрлі ұлттар өкілдері - бірлік күніне арналған өз жылы лебіздерін білдірді. Женя Герлинг – неміс тілінде, Арина Шалуткина - қазақ тілінде, Катя Шуляк – украин тілінде, Ульяна Карбаева - орыс тілінде, Дарина Плиева – ингуш тілінде, Таля Хорькова - цыған тілінде өз құттықтауларын білдірді.

Қазақстан халқы өркен жайып, мемлекетіміз – молшылыққа, ал әрбір шаңырақ бақыт пен шаттыққа толы болсын!

**Ш. БАХЫТХАН, Модельдік балалар кітапханасының маманы.**

# ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫПТАР – АКТУАЛЬНЫЕ ТЕМЫ

## Образец здорового образа жизни и преданности спорту

Отдельная категория людей в спорте – ветераны спортивного движения. Отрадно, когда ветераны своим примером показывают молодежи образцы здорового образа жизни, демонстрируют любовь и преданность спорту, ведь только здоровая нация способна решать проблемы общества.

На стадионе им. Балуана Шолака г. Макинска недавно состоялся турнир по мини-футболу, посвященный 60-летию ветерана спорта Есенкельды Каирбековича Есимова. Борьбу за первенство разыграли между командами «Буланды», «Астана», «Астраханка». Поболеть за игроков собрались ветераны и любители футбола, активные сторонники физической культуры и здорового образа жизни.



Мини-футбол - игра очень динамичная, умная. По наблюдениям экспертов, мини-футбол хорошо подходит ветеранам: дарит им жизнь, насыщенную, содержательную, наполненную эмоциями, возвращает в юность, помогает поддерживать хорошую физическую форму, оптимальный игровой тонус, позитивное настроение, желание двигаться, трудиться, приносить пользу обществу.

Игра была захватывающей, болельщики оказывали игрокам максимальную поддержку. В результате решающего напряженного противостояния победа досталась команде из Астраханки. На вторую ступень пъедестала взошла команда из Астана, хозяева поля – команда из Буланды, как и подобает гостеприимным хозяевам, уступила первые места уважаемым гостям и завоевала бронзу. Были вручены кубки, дипломы, памятные подарки призерам.

Также оргкомитет турнира определил лауреатов: «Лучший вратарь» - Баги Ташенов (Астраханка), «Лучший защитник» - Турехан Бектасов (Астана), «Лучший нападающий» - Есен Есимов (Буланды).

В адрес организаторов турнира было сказано много тёплых слов, так как этот день останется в истории команд, как один из душевных встреч, как замечательный праздник спорта и пропаганды здорового образа жизни среди населения.

**А. АМАНЖОЛОВА.**



# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР

***Әбілев Думан Қайратұлы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы***

**1. 2023 жылдан бері облысымызда мемлекеттік қызметке іріктеудің пилоттық жүйесі жұмыс істейтінін білеміз. Осы жоба қазір қандай сатыда?**

Иә, Ақмола облысында 2023 жылғы 1 наурыздан бастап пилоттық режимде «Интеграцияланған ақпараттық жүйеде «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурсты іріктеудің және өткізудің уақытша қағидалары» шеңберінде мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесі жұмыс істейді. Бұл дегеніміз мемлекеттік қызметке іріктеу онлайн режимде eqyzmet.gov.kz порталында жүргізіледі деген сөз. Яғни біздің облысымыз республика бойынша Шымкент қаласымен бірге алғашқы болып осы онлайн іріктеу тәртібін сынақтан өткізді.

Бұл жобаға бірінші кезекте жергілікті атқарушы органдар, содан кейін басқа да мемлекеттік органдар, оның ішінде орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері кезең-кезеңімен өтті.

Қазіргі уақытта бұл қағида 68 мемлекеттік органда енгізілген болса, ағымдағы жылы 1 шілдеден бастап жаңа іріктеу жүйесімен республика бойынша тағы 26 ведомство, оның ішінде облыс бойынша 9 мемлекеттік орган қамтылатын болады, олар:

Ақмола облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті;

Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Ақмола облысы бойынша департаменті;

Ақмола облысының прокуратурасы;

Ақмола облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті;

Ақмола облысы бойынша қазынашылық департаменті;

Ақмола мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті;

Ақмола облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті;

Ақмола облысының полиция департаменті;

Ақмола облысының төтенше жағдайлар департаменті.

Статистикалық нәтижелерге келетін болсақ, онда 2025 жылдың І тоқсанында Ақмола облысында пилоттық режимде өткен конкурстарға 253 кандидат қатысып, нәтижесінде лауазымдарға 58 адам қабылданды.

Қазіргі уақытта біздің департамент пилоттық жүйеге қосылатын мемлекеттік органдардың кадр қызметтеріне әдістемелік көмек көрсетіп, сондай-ақ ұжымдармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

**2. Мемлекеттік қызметшілердің ротациясы қандай мақсатпен жүргізіледі және облысымыз бойынша ротация жүргізудің қазіргі жағдайы қандай?**

Ротацияның басты мақсаты – ол мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби әлеуетін және басқару тәжірибесін тиімді түрде пайдалану, олардың басқару құзыреттерін жетілдіру.

2024 жылғы 30 қазанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Мемлекеттік қызметті өткерудің кейбір мәселелері туралы» жарлығына қол қойып, «Мемлекеттік қызметшілерге ротация жүргізу қағидалары мен мерзімдері, ротацияға жататын мемлекеттік қызметшілердің санаттары мен лауазымдары» туралы қағидаларына өзгерістер енгізілді.

Атап айтқанда, ротацияға жататын қызметшілер қатары аудан және қала әкімдерінің орынбасарлары (Е-1), облыстық басқарма басшыларының орынбасарлары (D-O-2) және орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері басшыларының орынбасарлары (С-О-2) лауазымдарымен толықтырылды.

Ақмола облысының жергілікті атқарушы органдарында 2025 жылы ротацияға жататын 16 басшы бар, оның ішінде облыстық басқармалардың 4 басшысы, облыстық басқармалар басшыларының 5 орынбасары, аудан (қала) әкімдерінің 7 орынбасары бар.

Бұл мемлекеттік қызметшілердің үшеуі зейнеткерлік жасқа толуына 3 жылдан аз уақыт қалуына және бір қызметкер басқа мемлекеттік лауазымға тағайындалуына байланысты ротациядан босатылды. Бір қызметшінің лауазымда болу мерзімі уәкілетті органның келісімі бойынша ұзартылды. Қалған қызметшілердің ротациясын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Аталған бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

**3. Халыққа қызмет көрсету сапасын арттыру бағытында қандай нәтижелер бар?**

Мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы сапаны бақылау, қадағалау - біздің Департаменттің жұмысының басты бағыттарының бірі. Өйткені азаматтар өмірінің түрлі салаларында қызметтерді күнделікті негізде тұтынады.

Жалпы, жыл басынан бері Департаментпен бұл бағытта 6 тексеру іс-шарасы өткізілді, көрсетілетін қызметті алушылардың 148 өтініші қаралды. Қабылданған шаралар нәтижесінде 315 көрсетілетін қызметті алушының құқықтары қорғалды.

Мысалы, Департаменттің ұйғарымдары негізінде әкімдіктер мен 3 фермер қожалығы арасында ауданы 15000 гектар ауыл шаруашылығы жерлерін жалға беру шарттары ұзартылды, бұл кәсіпкерлерге жалға алудың жаңа мерзімінде шамамен 2 миллиард теңге сомаға кіріс алуға және 10 жұмыс орнын сақтауға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан бақылау қорытындысы бойынша инвесторға 5 миллиард теңгеден астам сомаға бөтелкедегі ауыз су өндіретін зауыт салу үшін өнеркәсіптік-инновациялық жобаны іске асыру бойынша жер учаскесі берілді.

Осыған дейін ақпараттық жүйелердегі ақаулар себебінен көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеуден бас тартылған 187 азаматқа Департамент тексергеннен кейін мемлекеттік қызметтер көрсетілді.

Сондай-ақ Департаменттің тексеру іс-шараларының нәтижесінде 84 азаматқа жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы салаларында мемлекеттік қызметтер көрсетілді.

41 көрсетілетін қызметті алушының құқықтары ақпараттық жүйелерге қол жеткізу арқылы қашықтықтан мониторинг жүргізу барысында проактивті форматта қалпына келтірілді.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 465-бабы бойынша 5 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалды, қысқартылған іс жүргізу тәртібімен 275 240 теңге сомасында барлық айыппұлдар өндірілді.

Мемлекеттік қызметтер саласындағы бұзушылықтар үшін тәртіптік жауапкершілікке 16 лауазымды тұлға тартылды, оның ішінде 9 - басшы лауазымдарды атқаратын тұлғалар.

**4. Мемлекеттік қызметшілердің әдебін, тәртібін қамтамасыз ету және құқықтарын қорғау саласында қандай жұмыстар жүргізілуде?**

2025 жылдың І тоқсаны ішінде Департамент өз құзыреті шегінде азаматтардың 67 өтінішін қарады, мемлекеттік органдардың қызметінде 9 тексеріс, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы сақтау бойынша 4 талдау жүргізді, сондай-ақ Әдеп жөніндегі кеңестің 1 отырысы ұйымдастырылды.

Департаментпен жүргізілген жұмыс нәтижесінде 88 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қорғалды.

Мысалы, 77 қызметшіге оларды үстеме жұмысқа тарту фактілері бойынша демалыс күндері мен сағаттары берілді, тәртіптік жаза қолдану туралы 7 актінің күші жойылды. Бұдан басқа, бір конкурстың қорытындылары жойылды, 27 адамға демалыс шығыстарын уақтылы төлемегені үшін 36 292 теңге мөлшерінде өсімпұл төленді, 54 адамға 2 024 754 теңге сомасында іссапар шығыстары төленді.

Сондай-ақ, Қағидалармен белгіленген шектен асырылған мөлшерде 2 974 134 теңгеге іссапар шығындарын төлеудің 157 фактісі анықталды. Қазіргі уақытта ерікті тәртіпті 346 699 теңге қайтарылды, қалған қаражатты қайтару бойынша жұмыстар жалғасуда.

Тексерістер нәтижелері бойынша 5 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Әдеп жөніндегі кеңес отырысында 7 мәселе қаралды, оның ішінде 5 немесе 71,4% профилактикалық сипаттағы мәселелер, сондай-ақ 2 тәртіптік іс қаралып, оның нәтижесі бойынша 2 қызметші «қатаң сөгіс» және «қызметіне толық сәйкес еместігі» туралы ескерту алды.

Сонымен, Зеренді ауданының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, тұрғын үй инспекциясы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы жүргізуші куәлігінен айырылған бола тұра, көлік жүргізгені үшін «қатаң сөгіс» түріндегі жауапқа тартылды.

Әдеп жөніндегі кеңестің шешімі негізінде Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы мектепке дейінгі ұйымдарды мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған тізбеге негізсіз қосуы үшін «қызметіне толық сәйкес еместігі» туралы тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

**5. Мемлекеттік қызметшілердің статистикалық құрамына тоқталып өтсеңіз...**

Департамент әрбір тоқсан сайын мемлекеттік органдардың кадрлық жай-күйіне мониторинг жүргізіп, мемлекеттік қызметшілердің статистикалық мәліметтерін жинақтайды. Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдарда 2874 қызметкер жұмыс істейді, олардың 34,6%-ы ерлер, 65,3%-ы әйелдер.

35 жасқа дейінгі жастардың үлесі 28,5% құрайды.

Жоғары білімі бар мемлекеттік қызметшілердің үлесі 89,2% құрайды, олардың 17,8% екі немесе одан да көп жоғары білім бар. Оның ішінде 84 шетелдік білім иегері, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының 12 түлегі, 3 «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты, 4 ғылым кандидаты, 1 ғылым докторы бар.

Сынақ мерзімі 47 қызметкерге тағайындалды, оның 46-сы тәлімгерлікпен қамтылды. 58 адам қайта даярлаудан, 155 адам біліктілігін арттырудан, 21 адам тағылымдамадан өтті.

Сондай-ақ мемлекеттік қызметтегі меритократия қағидатының сақталуына тоқталып өткім келеді. Меритократия мемлекеттік қызметті кәсібилендірудегі маңызды құрал болып табылады және осының арқасында өңірде жыл сайын өз жұмысының жетістіктері, сондай-ақ кәсіби және жеке қасиеттері арқасында мансаптық ілгерілейтін қызметшілер саны артып келеді.

Атап айтқанда, 2025 жылдың І тоқсаны ішінде жоғары тұрған лауазымдарға 50 қызметші тағайындалды, оның ішінде ішкі конкурстардың нәтижелері бойынша – 29, ауыстыру тәртібімен – 19, қызметті бағалау нәтижелері бойынша – 2.

**6. Мемлекеттік қызметшілердің 65 пайызы әйелдер деп айтып өттіңіз. Әйелдердің құрамына, мансабына толығырақ тоқталып өтсеңіз, яғни гендерлік саясат қалай жүргізілуде?**

Өңірдің мемлекеттік қызмет жүйесінде гендерлік саясат сәтті іске асып жатқанын жоғары сеніммен айта аламыз: қызметшілердің 1878 немесе 65,3%-ын әйелдер құрайды.

Жалпы, облыстың мемлекеттік қызметінің басшылық лауазымдарында 421 әйел жұмыс істейді. Бұл көрсеткіш жалпы басшы құрамның 43,8% құрайды.

Басшылық лауазымдардағы әйелдердің құрамы келесі көрсеткіштерден тұрады:

- облыс әкімінің орынбасарлары – 0,2%;
- қалалардың, аудандардың әкімдері және олардың орынбасарлары – 2,4%;
- аппарат басшылары және олардың орынбасарлары – 3,5%;
- облыстық басқармалардың басшылары және олардың орынбасарлары – 3,3%;
- құрылымдық бөлімшелердің басшылары – 37%;
- ауылдық округтердің әкімдері және олардың орынбасарлары – 10,5%;
- дербес бөлімдердің басшылары және олардың орынбасарлары – 23,6%;
- сектор меңгерушілері – 19,5%.

2025 жылдың І тоқсаны ішінде конкурстық және конкурстан тыс іріктеу қорытындылары бойынша, ауысу арқылы, сондай-ақ сайлау қорытындылары бойынша және басқа да себептер бойынша 167 қызметші тағайындалды, олардың 81 немесе 48,5% әйелдер.

**7. Өткен жолғы берген сұхбатыңызда мемлекеттік қызметке іріктеудің конкурстан тыс форматы қарастырылғанын айтып өткен едіңіз. Осы туралы толығырақ айтып өтсеңіз?**

Мемлекеттік қызмет саласындағы қолданыстағы заңнамамен мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру мақсатында «Б» корпусының кейбір мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурстан тыс тағайындау мүмкіндігі көзделген.

Мысалға, бүгінгі таңда мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жақсы нәтижелермен оқуды аяқтаған ЖОО түлектері диплом алғаннан кейін бір жыл ішінде конкурстан тыс негізде кейбір мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналаса алады. Осы норма күшіне енген сәттен бастап Департаментпен 25 жас маманды конкурстан тыс тағайындау келісілді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарының түлектері уәкілетті органның келісімі бойынша мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға конкурс өткізбей орналасу мүмкіндігіне ие. Бұл мүмкіндікті Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының 4 түлегі пайдаланды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ауылдық округтердің әкімдері өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде уәкілетті органмен келісу бойынша конкурс өткізбестен «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналаса алады. Осылайша Департамент әртүрлі лауазымдарға 3 әкімді тағайындауға келісім берді.

Сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес уәкілетті органның келісімі бойынша конкурстық іріктеусіз «Б» корпусының басшы лауазымдарына кандидаттарды тікелей тағайындау мүмкіндігі көзделген. Бұл өз кезегінде бірінші басшылардың өз қызметкерлері үшін жауапкершілігін күшейтеді. Осыған байланысты 10 облыстық басқарманың басшылары Агенттікпен келісім бойынша конкурстан тыс тағайындалды.

Конкурстан тыс тағайындау мүмкіндігі бар адамдардың арасында Президенттік жастар кадр резервінің және Өңірлік кадр резервінің мүшелері бар. 2024 жылы Президенттік жастар кадр резервінің 1 мүшесі, Өңірлік кадр резервінің 7 мүшесі жергілікті атқарушы органдарда түрлі лауазымдарға тағайындалды.

Айта кету керек, бұл өзгерістер аудандық және ауылдық деңгейдегі кадрлар тапшылығы проблемасын шешуге, мемлекеттік қызметтегі жастардың үлесін арттыруға, мемлекеттік аппаратты жаңа фармациядағы кәсіби, жоғары білікті кадрлармен уақтылы толықтыруға оң әсер етеді.

# ДЕНСАУЛЫҚ САҚШЫСЫ – НА СТРАЖЕ ЗДОРОВЬЯ

## ЕВРОПЕЙСКАЯ НЕДЕЛЯ ИММУНИЗАЦИИ

*Уважаемые родители!*

В период с 27 апреля по 3 мая 2025 года в Буландынском районе проводится Европейская неделя иммунизации.

ЕНИ 2025 года пройдет под лозунгом «Иммунизация для всех - в человеческих силах», которая подчёркивает, что защита от инфекционных заболеваний - это не только задача системы здравоохранения, но и ответственность каждого человека, каждой семьи и всего общества.

**Целью Европейской недели иммунизации** является повышение уровня охвата вакцинацией, более глубокого понимания того, что каждый ребенок нуждается в защите от болезней, предупреждаемых с помощью вакцин, и имеет на это право. Особое внимание будет уделяться деятельности, направленной на охват уязвимых групп населения

Особо хочется привлечь такие категории населения, как отказывающиеся от профилактических прививок, мигранты, люди без определенного места жительства, приезжие.

Несколько десятков лет назад никто даже не сомневался в необходимости детской иммунизации, поскольку болезни, от которых защищали вакцины, были очень распространены, а риск заболевания был вполне реальным. К счастью, сегодня такие болезни стали редкостью благодаря успешной практике вакцинации. Однако в этом кроется определенная опасность: мы настолько привыкли считать себя защищенными от болезней, что пренебрегаем важностью прививок. Не стоит недооценивать опасность смертельных болезней, они могут притаиться совсем рядом. Прививая своего ребенка или самого себя, Вы защищаете своих детей, свою семью, свой город и свою страну от инфекций.



В Казахстане проводится вакцинация против 21 инфекционного заболевания. Для вакцинации детей закупаются вакцины гарантированного качества, производство которых сертифицировано ВОЗ. К выпуску вакцин предъявляются жесткие требования, вакцина проходит лабораторный, клинический контроль на безвредность, безопасность, эффективность.

Отмечается, что тенденция к росту числа отказов родителей от иммунизации детей и самих взрослых продолжается. Сегодня вся ответственность по защите детей от инфекций управляемых средствами специфической профилактики лежит на родителях. В последнее время имеются десятки детей, не привитых от различных инфекций в связи с недопониманием родителями важности и эффективности вакцинопрофилактики.

Отказ от иммунизации детей является нарушением прав ребенка на жизнь и здоровье. Вакцинируя ребенка сейчас, Вы предупреждаете не только развитие самого заболевания, но, что гораздо важнее, развитие тяжелейших осложнений.

Особое внимание в вопросе иммунопрофилактики хочу уделить несовершеннолетним, беременным женщинам и молодым матерям. В районе достаточно много отказов от прививок. В частности, некоторые мамочки не считают нужным ставить ребёнку прививку БЦЖ, ВГВ, АбКДС являющиеся наиболее эффективным средством профилактики.

Вакцинация проводится согласно национальному календарю прививок, куда входят такие опасные заболевания, как дифтерия, столбняк, коклюш, корь, полиомиелит, гепатит и другие.

Нередко причиной отказа от прививок являются религиозные убеждения граждан. Однако ни одна официальная религия не призывает отвергать медицинскую помощь. Благополучие нашей жизни - отсутствие угрозы тяжелых инфекций, достигнуто исключительно благодаря широкому проведению профилактических прививок.

**Буландынское районное управление санитарно-эпидемиологического контроля.**

## Что такое иммунизация (вакцинация)?

Иммунизация простыми словами — это процесс, благодаря которому человек приобретает иммунитет или становится невосприимчивым к инфекционной болезни. Обычно это происходит путём введения вакцины.

Суть иммунизации заключается во введении в организм вакцины в виде ослабленных, мёртвых или живых микробов с целью провокации ответной реакции со стороны иммунитета. Столкнувшись с ослабленной патогенной микрофлорой, организм начинает активно вырабатывать антитела, которые впоследствии и будут играть роль защитного щита при столкновении с болезнетворными микробами в условиях реальной

Иммунизация - достаточно серьезное мероприятие, которое не может быть проведено просто так:

• во-первых, важны сроки, в которые человеку ставят укол. Четкое соблюдение возрастных критериев в процессе иммунизации позволяет оградить человека от инфекций, которым он более всего подвержен в определенный период жизни;

• во-вторых, если даже потребовалась экстренная иммунизация по причине вспышки эпидемии, проводить процедуру все равно следует только после осмотра врача и под его руководством;

Через какое время организм становится невосприимчивым к инфекции вследствие иммунизации?

Все зависит от того, какой вид препарата был применен специалистом и с какой целью. Если была использована вакцина, невосприимчивость к инфекции появится через пару недель и будет сохраняться долгие годы.

Если же была использована сыворотка, иммунитет появится сразу же после введения, поскольку в составе препарата присутствуют готовые антитела.

Однако результат сохранится лишь в течение последующих 6 недель. После завершения данного срока иммунная система утратит способность сопротивляться патологической микрофлоре.

В настоящее время в рамках Национального календаря профилактических прививок взрослому населению проводится иммунизация против инфекционных заболеваний:

• вирусный гепатит В;
• дифтерия;
• столбняк;
• корь;
• краснуха;
• пневмококковая инфекция;
• грипп.

Все прививки, которые включены в Национальный календарь, делаются бесплатно.

Кроме плановых профилактических прививок, проводится иммунизация по эпидемическим показаниям против

инфекций: бешенства, бруцеллеза, ветряной оспы, вирусного гепатита А, вирусного гепатита В, дифтерии, желтой лихорадки, клещевого энцефалита, коклюша, кори, краснухи, лептоспироза, полиомиелита, сибирской язвы, столбняка, туляремии, чумы, эпидемического паротита, коронавирусной инфекции, вызываемой вирусом SARS-CoV-2

Под эпидемическими показаниями подразумевается:

• нахождение в контакте с пациентом, страдающим инфекционным заболеванием (с подозрением на инфекционное заболевание), против которого проводятся профилактические прививки;

• наличие при осуществлении профессиональной деятельности риска инфицирования возбудителями инфекционных заболеваний, против которых проводятся профилактические прививки;

• наличие условий неблагополучной санитарно-эпидемиологической обстановки на территории отдельных административно-территориальных единиц, а также на территории других государств риска инфицирования возбудителями инфекционных заболеваний, против которых проводятся профилактические прививки;

Своевременное проведение плановой прививки надежно защитит ваш организм от инфекции, против которой проведена прививка, а в случае заболевания, инфекция будет протекать в легкой форме и защитит от возможных осложнений.

**З. ХАМХОЕВА, врач-терапевт Буландынской районной больницы.**

## Не все игрушки – игрушки

Дети - наше богатство – гласит народная мудрость. С самого раннего возраста для развития ребенка используются игрушки – начиная от прорезывателей и погремушек, до кукол и машин. На сегодня выбор игрушек настолько богат, что порой не знаешь на чем же все-таки остановиться. Но не все игрушки пригодны для игр, иногда игрушка может быть «бомбой замедленного действия».

Из игрушек могут выделяться различные химические вещества солей тяжелых металлов, также как кадмий, свинец, мышьяк, сурьма, а также фенол, формальдегид и другие. Выделение вредных химических веществ в основном обусловлено тем, что в настоящее производстве игрушек используются не только естественные материалы, но и полимерные (синтетические, вспомогательное сырье), которые используются без предварительной гигиенической оценки, в результате чего в образцах готовых игрушек их концентрации превышают предельно допустимые в 3-5 и более раз. Какой вред здоровью ребенка несет контакт с такими игрушками?

Реакции со стороны детского организма зависят от вида химического вещества, чья концентрация превышена в данном образце игрушек, от степени превышения концентрации по отношении к ПДК, времени воздействия и путях поступления. Наиболее часто наблюдаются аллергические реакции в виде проявления сыпи на коже, реже - симптомы раздражения верхних дыхательных путей. Такая клиническая картина характерна при завышенном содержании фенола, формальдегида. В некоторых случаях наблюдаются раздражительность, головные боли и головокружения, нарушения дыхания.

Таким образом, во избежание, неблагоприятных последствий для здоровья ребенка, при выборе игрушки следует учитывать не только ее внешний вид, но и безопасность в химическом и токсикологическом отношении, что обязательно должно быть подтверждено наличием сертификатов качества.

В лаборатории токсикологии полимерных материалов большое внимание уделяется анализу детских игр и игрушек. В первую очередь поступившие пробы проходят органолептические исследования. В образцах определяется характер поверхности, присутствие острых кромок, ребер, заусенцев, а также цвет и запах. Посторонний стойкий запах свидетельствует о низком качестве сырья и красителей, используемых в производстве игрушек. Далее определяется миграция вредных химических веществ.

При появлении сомнений в качестве уже приобретенной игрушки можно обратиться в филиал РГП на ПХВ «Национальный центр экспертизы» по Акмолинской области г.Кокчетав для проведения санитарно-гигиенической экспертизы.

**И. ЗУБОВА, лаборант Буландынского районного отделения РГП на ПХВ «НЦЭ» КСЭК МЗ РК по Акмолинской области.**

## Как защитить ребёнка от падения из окна?

***ЗАПОМНИТЕ** несколько правил, которые сохранят жизнь Вашему ребенку!*

Большинство случаев падения происходит тогда, когда родители оставляют детей без присмотра. Не оставляйте маленьких детей одних.

Отодвиньте от окон все виды мебели, чтобы ребёнок не мог залезть на подоконник.

НИКОГДА не рассчитывайте на москитные сетки! Они не предназначены для защиты от падений! Напротив - москитная сетка способствует трагедии, ибо ребёнок чувствует себя за ней в безопасности и опирается, как на окно, так и на неё. Очень часто дети выпадают вместе с этими сетками.

По возможности, открывайте окна сверху, а не снизу.

Ставьте на окна специальные фиксаторы, которые не позволяют ребёнку открыть окно более чем на несколько дюймов.

Защитите окна, вставив оконные решетки. Решётки защитят детей от падения из открытых окон.

Если вы что-то показываете ребёнку из окна – всегда крепко фиксируйте его, будьте готовы к резким движениям малыша, держите ладони сухими, не держите ребёнка за одежду. Вы можете обратиться в специальные фирмы, занимающиеся их монтажом и выбрать наиболее подходящие вашему типу окон.



Если у вас нет возможности прямо сейчас установить фиксирующее и страховое оборудование, вы легко можете просто открутить отверткой болты, крепящие рукоятки и убрать их повыше, используя по мере необходимости и сразу вынимая после использования.

Но всё же, уважаемые родители, гораздо спокойнее и безопаснее, по возможности, не оставлять маленького ребёнка одного, а брать с собой. В крайнем случае, кооперироваться со знакомыми, родственниками и оставлять ребёнка у них или приглашать «свободных» родственников к себе, чтобы они посидели с ребёнком. Конечно, от всего не застрахуешься, но сделать то, что в наших силах, чтобы обезопасить ребёнка, мы обязаны.

**Т. ДОСТОВАЛОВА, медицинская сестра ЗОЖ Буландынской районной больницы.**

## Радиация в нашей жизни

Радиация возникла с момента образования земли, она невидимая, без запаха, вкуса и ощущений. На Земле нет такого места, где абсолютно нет радиационного излучения. Солнце, вода, земля, камни – вся окружающая природа имеет определенную удельную радиоактивность.

Радионуклиды делятся на естественные, т.е. образующиеся в природе без участия человека, и техногенные, появившиеся в результате деятельности человека.

Основную часть облучения население земного шара получает от естественных источников радиации. К ним относятся космические лучи, земная радиация и радон. Наиболее весомый вклад в облучение вносит невидимый, не имеющий вкуса и запаха тяжелый газ радон, высвобождаемый из земной коры. Основную часть дозы человек получает, находясь в закрытом и непроветриваемом помещении. Радон концентрируется в изолированных помещениях, поступая различными способами (просачиваясь через фундамент и пол из грунта или высвобождаясь из материалов, используемых в строительстве), в результате чего в помещении могут возникать вполне высокие уровни радиации. Также радон может поступать из воды подземных источников и при сгорании природного газа.

В последнее время активно ведется строительство нового жилья, как по государственной программе, так и частного. Но при этом никому не интересно, что дом, в котором мы живем действительно станет «уютным гнездышком» или местом, где можно потерять здоровье.

В законодательстве РК предусмотрен ряд мер по защите населения от радиационного излучения. В целях защиты населения и персонала от влияния природных радионуклидов должны осуществляться следующие мероприятия: при выборе земельных участков для строительства зданий и сооружений с учетом уровня выделения радона из почвы и радиационного фона; при проектировании и строительстве зданий и сооружений с учетом предотвращения поступления радона в воздух этих помещений; проведение производственного контроля строительных материалов, приемка зданий и сооружений в эксплуатацию с учетом уровня содержания радона в воздухе помещений и радиационного фона; эксплуатация зданий и сооружений с учетом уровня содержания в них радона и радиационного фона.

Большой вклад в дозу, получаемую человеком от источников техногенных источников радиации, вносят медицинские процедуры и методы лечения, связанные с применением радиоактивности. Вследствие чего хотелось бы обратить внимание на защитные мероприятия при медицинском облучении.

Дозы облучения пациента от проведения каждого рентгенорадиологического исследования и процедур лучевой терапии должны вноситься в персональный лист учета доз медицинского облучения, являющийся обязательным приложением к его амбулаторной карте.

**Б. УАХИТОВА, лаборант Буландынского районного отделения филиала РГП на ПХВ «НЦЭ» КСЭК МЗ РК по Акмолинской области.**

# АҚПАРАТТЫҚ АЛАҢ – ИНФОРМАЦИОННОЕ ПОЛЕ

## Балалық шақ – психологиялық дамудың негізі

Бала - Жаратушыдан келген сыйлық, аманат. Бала - өмірдің гүлі деп бекер айтылмаған. Бала дүниеге келгенге дейін анасының құрсағында жатып, биологиялық, тұқымқуалаушылық, психо- эмоциональды болмысты бойына сіңіре бастайды, тіпті анасының ішіп-жеген тағамдары өсіп жетілуіне, анасының әкесімен тату кезіндегі жағымды әсері мен ұрыс-керіс кезіндегі теріс кортизол гормонының бала бойына сіңуі, анасынан иммунитеті, ата-анасының дауыстарына дейін бойында жүктеле бастайды, яғни бағбандағы жемістерді қалай күтіп өсіресіз, сондай жемісін аласыз деген тұжырым.Бала дүниеге келгеннен санасы аппақ қағаздай таза болып келеді, өскен сайын жақындарынан,қоршаған ортадан қарым-қатынас кезеңінде мінез-құлық, әдеп-тәрбие, оң-теріс психологиялық өзгерістерді ала бастайды.

Адамның жетілген шағындағы психологиялық жағдайы балалық шақта қалай есейіп, қандай психологиялық жағдайда болғаны, баланың отбасындағы қарым –қатынасына байланысты.

Егер баланың отбасында жақындарының, ата-апасының, әке-шешесінің психологиялық дамуы сау жетілген болса, жаңа туған сәбидің болашақтағы жан-дүниесі, физикалық дамуы сау болады. Қоршаған ортамен; туыстарымен, мектепте балалармен, ұстаздармен, студенттермен, әріптестерімен, үйлі болғанда жарымен, балаларымен қарым – қатынасы сау болады, яғни бұл жерде мейірімділік, өзара түсіністік, ашық өз ойларын айта алу, бір-біріне деген құрмет, жеке шекаралары мен көзқарастарын ескеру, бір-біріне деген сенімділік, қиын сәттерде эмоциональды қолдау сияқты көптеген психологиялық жағымды жақтары келешекте адамның өмір сапасын жақсартуға, сезім тұрақтылығын сақтауға және қарым-қатынасты нығайтуға әсерін береді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, бала туғанынан жағымсыз дүниелерді молынан көріп өссе, сөзсіз баланың болашағында бойында түрлі психологиялық мәселелердің шығуы әбден мүмкін, біріншіден өзіне, екіншіден қоршаған ортаға зиян.

Адам өміріндегі ең маңызды кезеңнің бірі балалық шақ, балалық шақта балалар ата-анасына тәуелді болғандықтан, ата-аналар барынша рухани-психологиялық саулық бере тәрбиелеп, балалардың бақытты болуына күш салып тырысу әр ата –анаға парыз болып келеді. Бала кезінен жан – жақты тәрбие алып, психологиялық иммунитеті тұрақталған, бақытты бойына сіңіріп өскен бала болашақта осы әдетімен үнемі бақытты, жарқын өмірге бағытталады.

Әдебиетіміздегі «Киімі көк, қарны тоқ» деген мақал - балаға басқа еш нәрсе қажет емес деген ұғымды білдіреді, бірақ заманауи кезде зерттеле қате тұжырым болып келеді, себебі баланы дүниеге ер жеткен саналы ата-ана әкеледі, яғни баланың киім, тамағы айтылмаса да міндет екенін, денсаулығы, өмірі толық өзі аманат екенін біледі. Психологиялық жағынан ересек сана позициясында өскен ата-ана ең бірінші балаға психологиялық сау қарым-қатынас береді. Балаға азығы, киімі, қолында телефоны болса болды, қалған ештеңе қажет емес деп қателеспейді. Баланың азығы, киімі, тұратын жері қолайлы болуы кез-келген есейген ата-ананың сөзсіз үлкен міндеті, ал психо-эмоциональды күйі материальдық жағынан кем емес дүниенің бірі болып саналады.

Қазіргі кезде уақыттың тапшы заманында ата-аналар заманға сай пәтер, көлік, несие жабу, қаражат табу кезеңінде балаларға көңілдері жетпей жатады. Осының әсерінен балалар мектепте, сыртта болып жатқан мәселелерді жалғыз өзі көтеріп, тұйықталып, уайымнан депрессияға кіргендерін байқамай жатады. Ал депрессия - ұзақ уақыт күйзелісте жүргеннен туатын сырқат. Кейін ата-аналар балалары бас көтермей бөлмесінде қамалып жатып қалғанда немесе сөйлеспей агрессия көрсете бастағанда, көмек іздей бастайды, бұл жағдайлардың басты себебі балаға көңіл бөлмей, сенімділікпен сырласпайтын, қарапайым сөйлесе алмайтын отбасыларда туындайды. Ең жақсы дегенде ата-аналары маманға жүктеледі, ең ауыры кеш болып, балалардан айрылып жатады.

Әр отбасы құрар болашақ жастар, отбасы құру үшін екі-үш мәселені атқара аламын болды деген дүние емес, отбасы құрар алдында өз борыштарын молынан меңгерген, есейген, біріншіден өздеріне, жарына, балаларының жан дүниесі мен тұрмысына жауапты адамдар екенін ескергендері қажет. Баланың психологиясы ата-анасы бос құмыраға не салса сонымен тола бастайды. Баланың балалық шағындағы ата-анасы мен қоршаған ортасынан алған сау психологиялық күйі болашақ сау тұлғаның қалыптасуына үлкен әсерін береді. Дені сау, психологиялық және рухани сау балалар - елдің сау болашағы.

**С. АКАЖАНОВА,**
**Ақмола облысы Дін істері басқармасының «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы» КММ кеңес беру-оңалту бөлімінің психологы.**

## Ақмола облысында 315 қызмет алушының құқықтары қалпына келтірілді

Бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің басшысы Думан Әбілевтің қатысуымен Департаменттің 2025 жылдың I тоқсаны ішіндегі қызметінің қорытындысы бойынша брифин өтті.

Спикер атап өткендей, мемлекеттік қызметтерді көрсету бағыты бойынша аталған кезеңде Департаментпен 6 тексеру іс-шарасы өткізілді, көрсетілетін қызметті алушылардың 148 өтініші қаралды. Қабылданған шаралар нәтижесінде 315 көрсетілетін қызметті алушының құқықтары қорғалды.

Мысалы, Департаменттің ұйғарымдары негізінде әкімдіктер мен 3 фермер қожалығы арасында ауданы 15000 гектар ауыл шаруашылығы жерлерін жалға беру шарттары ұзартылды, бұл кәсіпкерлерге жалға алудың жаңа мерзімінде шамамен 2 миллиард теңге сомаға кіріс алуға және 10 жұмыс орнын сақтауға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан бақылау қорытындысы бойынша инвесторға 5 миллиард теңгеден астам сомаға бөтелкедегі ауыз су өндіретін зауыт салу үшін өнеркәсіптік-инновациялық жобаны іске асыру бойынша жер учаскесі берілді.

Осыған дейін ақпараттық жүйелердегі ақаулар себебінен көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеуден бас тартылған 187 азаматқа Департамент тексергеннен кейін мемлекеттік қызметтер көрсетілді.

Сондай-ақ Департаменттің тексеру іс-шараларының нәтижесінде 84 азаматқа жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы салаларында мемлекеттік қызметтер көрсетілді.

41 көрсетілетін қызметті алушының құқықтары ақпараттық жүйелерге қол жеткізу арқылы қашықтықтан мониторинг жүргізу барысында проактивті форматта қалпына келтірілді.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 465-бабы бойынша 5 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалды, қысқартылған іс жүргізу тәртібімен 275 240 теңге сомасында барлық айыппұлдар өндірілді.

Мемлекеттік қызметтер саласындағы бұзушылықтар үшін тәртіптік жауапкершілікке 16 лауазымды тұлға тартылды, оның ішінде 9 - басшы лауазымдарды атқаратын тұлғалар.

**Ж. СЕЙТМАҒАНБЕТОВА, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің ресми өкілі.**

* * *

## Права 315 услугополучателей восстановлены Департаментом АДГС по Акмолинской области

Сегодня на площадке Региональной службы коммуникаций состоялся брифинг руководителя Департамента Агентства РК по делам государственной службы по Акмолинской области Думана Абилева по итогам деятельности Департамента за I квартал 2025 года.

Как отметил спикер, по линии оказания государственных услуг за указанный период Департаментом было проведено 6 проверочных мероприятий, рассмотрено 148 обращений услугополучателей. В результате принятых мер обеспечено соблюдение прав 315 услугополучателей. К примеру, на основании предписаний Департамента между акиматами и 3 фермерскими хозяйствами продлены договоры аренды сельскохозяйственных земель площадью 15000 гектар, что позволит предпринимателям за новый срок аренды получить доходы на сумму около 2 миллиардов тенге и сохранить 10 рабочих мест.

По итогам удаленного контроля инвестору предоставлен земельный участок для реализации промышленно-инновационного проекта для строительства завода по производству питьевой бутилированной воды на сумму свыше 5 миллиардов тенге.

187 гражданам, которым ранее отказано в государственной регистрации отдельных видов транспортных средств по причине сбоя в информационных системах, после проверки Департамента оказаны государственные услуги.

Также в результате проверочных мероприятий Департамента 84 гражданам оказаны государственные услуги в сферах земельных отношений, архитектуры и градостроительства.

41 услугополучателю права восстановлены в проактивном формате в ходе удаленного мониторинга посредством доступа к информационным системам.

Возбуждено 5 дел об административном правонарушении по статье 465 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях, все штрафы в сумме 275 240 тенге взысканы в порядке сокращенного производства.

К дисциплинарной ответственности за нарушения в сфере государственных услуг привлечены 16 должностных лиц, из них 9 лица, занимающие руководящие должности.

**Ж. СЕЙТМАГАНБЕТОВА, официальный представитель Департамента Агентства РК по делам государственной службы по Акмолинской области.**

## Омбудсменнің 2024 жылға арналған жыл сайынғы баяндамасы жарияланды

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2024 жылы атқарған қызметі туралы жыл сайынғы баяндамасы жарияланды. Құжатта адам құқықтары саласындағы негізгі проблемалар, келіп түскен өтініштер мен қабылданған әрекет ету шаралары жөнінде ақпарат берілген. Сондай-ақ елдегі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жағдайын жүйелі түрде жақсартуға бағытталған ұсынымдар қамтылған.



Баяндамадағы дерекке сәйкес, 2024 жылы Уәкілдің атына 6 748 өтініш келіп түскен. Бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 16,9%-ға артық. Ең көп көтерілген мәселелердің қатарында – сотқа дейінгі тергеу органдарының әрекеттеріне шағымдар, сотталғандардың құқықтарының бұзылуы және сот актілеріне келіспеушілік бар.

Өтініштерді қарау нәтижесінде 97 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылып, 5-уі әкімшілік жазаға тартылды. Төрт жағдайда қылмыстық іс қозғалды.

Құжатта денсаулық сақтау құқығының бұзылуына қатысты шағымдардың 2,5 есе өскені атап өтілген. Азаматтар медициналық қызмет сапасының төмендігіне, медицина қызметкерлерінің салғырттығына, емдеу мен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудегі қиындықтарға шағымданған.

Сонымен қатар, азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және қадір-қасиетін қорлайтын іс-әрекеттерге қатысты шағымдардың саны 30%-ға азайғаны көрсетілген. Бұл мәліметтер прокуратура органдарының ресми статистикасымен де сәйкес келеді. Мұндай құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша қабылданған шаралар АҚШ, Еуропа Кеңесі, Еуропалық одақ және БҰҰ сынды халықаралық ұйымдардың оң бағасына ие болды.

Баяндаманың жеке тарауы қоғамның осал топтарының құқықтарына арналды. Балалардың құқықтарының бұзылуына қатысты шағымдар саны 2,5 есе, әйелдерге қатысты – екі есеге жуық өскені байқалады.

Білім беру саласына қатысты өтініштер де 2,5 еседен астам артқан. Жүгінушілер буллинг фактілері, қорғаншылық органдарымен туындаған дау, сондай-ақ көпбалалы отбасылардан шыққан балаларды мамандандырылған білім беру мекемелеріне қабылдау квоталарын қайта қарау туралы мәселелерді көтерген.

Баяндамада Омбудсменнің араласуы арқылы азаматтардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілген нақты мысалдар бар. Атап айтқанда, заңсыз салынған айыппұлдардың күшін жою, қылмыстық тергеулердің басталуы, тергеу әрекеттерінің жандандырылуы, мүгедектігі бар азаматтарға тиесілі төлемдердің қайта тағайындалуы сияқты нәтижелер көрсетілген.

Құжатта алдын алу шараларына ерекше көңіл бөлінген. 2024 жылы Уәкіл мен оның өкілдері жабық мекемелерге 800-ге жуық мониторингтік бару жүргізді. Олардың шеңберінде бас бостандығынан айырылған адамдардың шартты түрде мерзімінен бұрын босатылу және жазаны жеңіл түрлерімен ауыстыру тәрізді құқықтарының сақталу мәселелері қарастырылды.

Баяндамада ғылыми-талдамалық жұмыстың нәтижелері мен заңнаманы және оны қолдану тәжірибесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар мен ұсынымдар да қамтылған. Атап айтқанда, азаматтардың құқықтарын тиімді қорғауға кедергі келтіретін құқықтық олқылықтарды жоюға бағытталған 20-дан астам ұсыныс әзірленген.

Баяндаманың толық нұсқасы ресми интернет-ресурста жарияланған:
https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/documents/details/825810.

## Опубликован ежегодный доклад Омбудсмена за 2024 год

Опубликован ежегодный доклад о деятельности Уполномоченного по правам человека в Республике Казахстан за 2024 год. Документ содержит информацию о ключевых проблемах в сфере прав человека, поступивших обращениях, принятых мерах реагирования, а также включает рекомендации по системному улучшению ситуации с обеспечением прав и свобод граждан в стране.

Согласно докладу, в 2024 году в адрес Уполномоченного поступило 6 748 обращений, что на 16,9 % больше по сравнению с 2023 годом. Наиболее часто заявляемыми остаются жалобы на действия органов досудебного следствия, нарушение прав осужденных и несогласие с судебными актами.

По итогам рассмотрения обращений 97 должностных лиц привлечены к дисциплинарной ответственности, 5 - к административной. В четырех случаях возбуждены уголовные дела.

Отмечается более чем 2,5-кратный рост числа жалоб, связанных с нарушением права на охрану здоровья. Заявители сообщали о некачественном оказании медицинских услуг, халатности медработников, трудностях в получении лечения и лекарственного обеспечения.

В то же время зафиксировано снижение числа жалоб на применение пыток и жестокое обращение на 30 %. Эти данные коррелируют с официальной статистикой органов прокуратуры. Принятые меры по предотвращению таких нарушений получили положительные оценки со стороны зарубежных стран и международных организаций, включая США, Совет Европы, Европейский союз и ООН.

Отдельный раздел доклада посвящён правам уязвимых категорий. Число жалоб на нарушения прав детей увеличилось в 2,5 раза, по женщинам — почти вдвое.

Отмечен рост обращений по вопросам образования – более чем в 2,5 раза. Заявители сообщали о случаях буллинга, спорах с органами опеки, а также просили пересмотреть квоты на приём детей из многодетных семей в специализированные образовательные учреждения.

Доклад содержит конкретные примеры, в которых вмешательство Уполномоченного способствовало восстановлению нарушенных прав людей. В документе указаны реальные случаи отмены незаконных штрафов, инициирования уголовного расследования, возобновления следственных действий, восстановления выплат лицам с инвалидностью и т.д.

Особое внимание в документе уделено превентивной деятельности. В 2024 году Уполномоченным и его представителями было проведено порядка 800 посещений учреждений закрытого типа. В рамках мониторинга рассматривались вопросы соблюдения прав лиц, находящихся в местах лишения свободы, в том числе на применение условно-досрочного освобождения и замены наказания более мягкими мерами.

В докладе также представлены результаты научно-аналитической работы, предложения и рекомендации по совершенствованию законодательства и практики его применения. В частности, подготовлено свыше 20 инициатив, направленных на устранение правовых пробелов, мешающих эффективной защите прав граждан.

Полный текст доклада опубликован на официальном сайте:
https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/documents/details/825810.